

## № 3 Қамқоршылық Кеңесі жиналысының хаттамасы

### Оқу жылының қорытындысы туралы

Өткізілген күні: 26.05.2021

Жиналысқа қатысуға тиісті: 12

Қатысқаны – 8

#### Күн тәртібінде:

##### 1. Тыңдалды:

1. 2020-2021 оқу жылының қорытындылары;
2. Бейіндік пәндерді оқытуды негіздеу;
3. Санитарлық нормаларын сақтау ережелерін ескере отырып, 1-4 сынып оқушыларының жазғы лагерьде оқытылуы және «жазғы мектеп» жұмысы жайлы;

**Сөйлеген** – мектеп директоры А.Т.Бекбаева:

1.1. 2020-2021 оқу жылының 4 тоқсан бойынша оқушы саны – 1041, сынып комплекті – 40, бастауыш сынып – 16, орта және жоғары сынып – 24. 9,11 сынып оқушыларының аралық қорытынды аттестаттау ҚР БЖҒМ (2020ж 28.08. №373 бұйрығымен енгізілген өзг.мен толықтырулар) №125 бұйрық негізінде өткізіледі. 9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау мынадай нысанда өткізіледі: 1. Қазақ тілі эссе нысанында (жазбаша емтихан) 2. Математика (алгебра) жазбаша емтихан. 3. Орыс тілінен тестілеу. 4. Таңдау бойынша пәннен физика, химия, биология, география, геометрия, д.тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шетел тілі, информатика пәнінен тестілеу. 11 сыныптарда өткізілетін мемлекеттік қорытынды аттестаттау нысандары: қазақ тілі (эссе), математика (алгебра) және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан, Қазақстан тарихынан тестілеу, орыс тілінен тестілеу, таңдау бойынша пәннен тестілеу. ҰБТ -2021 жаңа форматта – компьютерлік форматында өтетіні туралы ақпарат берді.

1.2. - мәселе бойынша басшының орынбасары Ш.М.Кульбекова сөз алды. 2021-2022 оқу жылында 7- сыныптарға арналған жұмыс жоспарына болашақ мамандыққа бағдарланған бейіндік пәндерді енгізу жоспарланғаны туралы айтып өтті. Әлем өзгеруімен қатар, еңбек нарығы да өзгеріс тапты. Демек, бастауыш мектепте оқитын балалардың басым бөлігі қазіргі таңда пайда болмаған жұмыстардың жаңа түріне қызмет ететінін болжамдады. Сондықтан баланы ерте жастан бастап, мамандыққа баулу қажет.

3.1 – мәселе бойынша басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Р.Ж.Саденова Мектеп СанҚжн нормаларына сай екендігі жайлы атап өтті. Яғни, оқушыларды кезекші мұғалімдердің қарсы алуларынан бастап, сыныпқа дейін жетулеріне дейін баяндап берді. Мектепке кіргеннен кейін дезкілемшеде аяқ киімдерінің табандарын сүртеді, қолдарын антисептиктеп, денелерінің қызулығын тепловизормен өлшеп, журналға тіркеледі. Дәлізде ара қашықтықты сақтау белгілері, санитарлық бұрыштар, дәретханаларда қолды дұрыс жуу ережелері ілінгенін баяндап өтті. Оқушылар 2 сағат сайын маскаларын ауыстырады, яғни 1 ретті маскаларын санитарлық бұрышта орналасқан қорапқа тастайды, көп ретті маскаларын қалташаға салы, екіншісін киеді.

### 3. Қаулы етті:

3. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың ағымдық емтихандары мен қорытынды аттестаттауларын қадағалау;

3.2 Бейіндік пәндерді оқытуды негіздеуде болашақ 7 сынып оқушыларын дайындау және бағдарлау;

3.3. «Жазғы мектеп» және «Жазғы лагерьдің» жұмысында СанҚжн нормалары сақталынсын;

Төраға (А.Бекбаева)

Хатшы (Р.Саденова)

